

Кеден органдары жүргізетін тексерулер бойынша тексеру парағының нысанын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 ақпандағы № 37 және Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 10 ақпандағы № 45 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 19 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6065 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 601 және Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрінің 2011 жылғы 17 қаңтардағы № 8 Бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2010.11.30 № 601 және ҚР Экономикалық даму және сауда министрінің 2011.01.17 № 8 Бірлескен бұйрығымен.

«Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38-бабына с ә й к е с **Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :**

1. Кеден органдары жүргізетін тексерулер бойынша тексеру парағының ны с а н ы б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті (Қ - К . Ж . К ә р б о з о в) :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі Р.Е. Дәленовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

5. Осы бұйрық 2010 жылдың 3 ақпанынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қаржы министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б. Жәмішев

Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрі
Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2010 жылғы 3 ақпандағы
№ 37 және
Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
2010 жылғы 10 ақпандағы
№ 45 бірлескен бұйрығымен
бекітілді

Нысан

**Кеден органдарымен жүргізілетін тексерулер бойынша
тексеру парағы**

Тексеруді тағайындаған, кеден органы _____

Нұсқама _____

Сыртқы экономикалық қызметке қатысушының атауы _____

Заңды мекенжайы _____

Банк реквизиттері _____

№	Талаптар
1	Тауарлар мен көлік құралдарын Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан тасымалдау кезінде декларациялау
2	Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу
3	Есептеу дұрыстығы және бюджетке уақытылы енгізу: кедендік баж;
	кедендік алым;
	алым;
	қосылған құнға салынатын салық; акциз
4	Ұсынылған тарифтік жеңілдіктердің талаптарын сақтау
5	Кедендік төлемдер салудан босату үшін құжаттар ұсынудың тәртібін сақтау
6	Тауарлардың импортын қосылған құн салығынан босатудың тәртібін сақтау

7	Тауарлардың кодын декларанттың декларациялау кезінде Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес дұрыс көрсетуі
8	Шартты шығарылған тауарлар мен көлік құралдарын мақсатты пайдалану
9	Мәлімделген кеден құнына таңдау әдісі мен құрылымын қолданудың дұрыстығы
10	Тарифсіз реттеу шараларын сақтау
11	Кедендік бақылаудағы тауарлар мен көлік құралдарына қатысты есеп пен есептілікті жүргізу тәртібін сақтау
12	Импортталатын тауарларға есепке алу әдісімен қосымша құн салығын төлеудің тәртібін сақтау
13	Тауарлардың шыққан жері туралы сертификатты ұсынудың талаптарын сақтау
14	Тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу кезінде ұсынылған мәліметтердің анықтығы және құжаттардың дұрыстығы
15	Белгіленген мерзімде ұлттық және шетел валютасын репатриациялау (қайтару) талаптарын орындау
16	Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерге тауарлар мен көлік құралдарын әкету кезінде оларға қойылатын талаптарды сақтау
17	Кедендік төлемдер мен салықтарды төлеуді қамтамасыз етудің шарттарын сақтау
18	Кеден ісі саласындағы сыртқы экономикалық және өзге қызметке жататын бухгалтерлік құжаттарды жүргізудің шынайылығы
19	Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылармен қаржы лизингіне мүлікті беру шарттарын сақтау

Тексеруді жүзеге асыратын лауазымды тұлға:

(қызметі) (Т.А.Ә.) (қолы)

(қызметі) (Т.А.Ә.) (қолы)

Сыртқы экономикалық қызметке қатысушы:

(қызметі) (Т.А.Ә.) (қолы)